**Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 қарашадағы N 1499 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының төрағасы Оралбай Әбдікәрімұлы Әбдікәрімовті Мәскеу қаласына емделуге тасымалдау үшін Алматы - Астана - Мәскеу - Астана - Алматы бағыты бойынша чартерлік рейс ұйымдастырумен байланысты шығыстарды қаржыландыруға 5000000 (бес миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК